

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институты

«Бекітемін»

АрқМПИ ректоры

г.ғ.д. Куанышбаев С.Б.



«25» 09 2013 г

Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ-да
академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру

ЕРЕЖЕСІ

АрқМПИ Ғылыми кеңес
отырысында № 2 хаттамада
«25» 09 2013 ж
қаралды

Арқалық 2013

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру ережесі - Арқалық: АрқМПИ баспасы, 2013 ж. - 14 бет

Бұл ережеде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты шарттарында студентіердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру принциптері мазмұндаған.

Оқу үрдісінде кредиттік технология бойынша оқытуға қатысатын институттың профессор-оқытушылар құрамы мен студенттеріне арналған.

Құрастырғандар:

Офис-Регистратор басшысы Л.С.Шаименова.

1.Қолданатын саласы

1. Бұл Ережеде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты студенттерінің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру 2011 жылғы 20 сәуірдегі ҚР БҒМ № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың несиелік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібіне» сәйкес дайындалған.
2. Ережеде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты аясында студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастырудың негізгі ережелері, құжаттарды рәсімдеу талаптары қарастырылған.
3. Бұл ереже Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының нормативті-анықтамалық құжатнамасының құрамына кіреді және оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің шегінде орындалуға міндетті.

2. Нормативті сілтемелер

4. Осы ережеде келесі нормативтік құжаттағы сілтемелер қолданылған.
 - 27.07.2007 жылғы № 389-І «Білім туралы» ҚР Заңы;
 - 5.04.019-2008 Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім стандарты. Жоғары білім: Негізгі ереже. 23.01.08ж ҚР БҒМ №26 бұйрығымен бекітілген және әрекет етеді;
 - ҚР МЖБС 5.03.006-2006 ҚР білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарында білімді бағалау мен бақылау. 25.08.2006ж ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 461 бұйрығымен бекітілген және әрекет етеді;
 - 20 сәуір 2011 жылғы ҚР БҒМ № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың несиелік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібі»;

3. Жауапкершілік және өкілеттілік

5. Осы ереженің дайындауға жауапкершілік пен өкілеттілік, соның ішінде олардың мазмұны, келісілуі, бекітілуі, әрекет етуі келесі тәртіп бойынша жүргізіледі:
 - мазмұнын, құрылымын дайындауға, бөлімшелерге қызмет көрсетуге, беруге және рәсімдеуге, алқалық мүшелердің бекітуіне кіріспеде көрсетілген құжатты дайындаушы жауап береді;
 - осы құжатты енгізу және ОР басшысына, факультет декандарына және кафедра меңгерушілеріне жүктеледі;
6. Құжат жобасы бөлімшелерде талқыланғаннан кейін, ғылым кеңес отырысында бекітілуге беріледі.
7. Бекітілген құжатты қызметкерлерге түсіндіру жауапкершілігі факультет деканына және кафедра меңгерушілеріне жүктеледі. Кафедра мен факультет қызметкерлерің құжатпен танысқандығы туралы жазбалары «Танысу парағында» рәсімделуі-тиіс (Ж қосымшасы).

4. Жалпы ереже

8. Академиялық ұтқырлық, бірегей еуропалық білім және ғылым кеңістігін құруға бағытталған, түрлі білім және ғылым бағдарламаларына ие болу және олардың мүмкіндіктерінің үйлесімді әрекеттестігінің арқасында өзара келісім жасайтын Болон үрдісінің кілті болып табылады. Осы факторлар арқылы жоғарғы оқу орындары және ғылым орталықтары арасындағы тиімді ынтымақтастықтың, сонымен қатар білім алушының жеке білім траекториясының шарттары туындайды.

10. Академиялық ұтқырлық - бұл білім алушыларды белгілі бір академиялық кезеңде (триместр, семестр) білім бағдарламасының белгіленген тәртібінде несиелерді басқа жоғарғы оқу орнында (ел ішінде) игеру үшін ауыстыру.

11. Академиялық ұтқырлық мемлекет ішіндегі және сырт елдердегі басқа оқу орындарымен төмендегі ұйымдастыру шеңберінде ынтымақтасып, жұмыс атқарады:

- білім алушының жеке бастамасы;
- білім алушының білім сапасын көтеру;
- біріккен білім беру немесе зерттеу бағдарламаларын ұйымдастыру.

Академиялық ұтқырлықтың артықшылықтары:

Жоғарғы оқу орны үшін

- тиімді бәсекенің және әрекеттің жаңа мүмкіндіктері туындайды;
- жаңа технологияларды енгізу;

студенттер үшін

- жеке білім траекториясын таңдау мүмкіндігі туындайды;
- сапалы білім қызметін-алуға;
- «білікті мамандардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі;

оқытушылар үшін

- жемісті оқу және ғылыми ынтымақтастықтың болашақтары ашылады.

5. Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру мен жүргізу

5.1. «А», «А-», «В+», «В», «В-» деген жақсы үлгірімге оқитын студент академиялық ұтқырлыққа қатыса алады;

5.2. Академиялық ұтқырлық бойынша шет елде оқу үшін студент шет тілін еркін меңгеруі керек (сертификат);

5.3. Білім алушы Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректорының атына өтініш (қосымша 1) білдіруі керек, оның ішінде (кафедраның жазбаша ұсынысы (қосымша 2), жеке оқу жоспары, сынақ кітапшасының көшірмесі болуы керек;

5.4. Білім алушының өтініші негізінде ҚР-ның Білім және ғылым министрлігінің келісімімен басқа жоғарғы оқу орынымен келісім-шарт құрылады;

5.5. Кафедра және факультет деканатымен келісілген жеке оқу жоспары құрылады;

5.6. АрқМПИ ректорының бұйрығымен академиялық ұтқырлықпен оқуға жіберуге үміткер студенттер арасында конкурс өткізу үшін комиссия құрылады;

5.7. Конкурстан өткен студент үш жақты келісім-шартқа (қосымша 5) отырады, студентпен, жіберуші оқу орыны және қабылдаушы оқу орыны арасында;

5.8. Егер басқа оқу орынына жіберу ақылы түрде (инвесторлар және т.б) жүргізілсе, төрт жақты келісім-шарт жасалнады.

5.9. Оқуын аяқтап келген соң студент келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- транскрипт;
- сынақ кітапшасының көшірмесі;
- пәндер тізімі (қосымша 3);
- академиялық ұтқырлықтан өткені туралы есебі (қосымша 4);
- аванстық есеп (егер білім алу оқу орыны мен республикалық бюджет арқылы болса)

5.10. Оқу жылының қорытындысы бойынша оқу орыны ҚР Білім және ғылым министрлігіне академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқыған студенттер, серіктес оқу орынының аккредитациялау деректері жайлы мәлімет, білім бағдарламасының мерзімі жайлы ақпарат беріп отырады.

Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекетік педагогикалық
институтының ректоры
С.Б.Куанышбаевқа

Факультетінің

Мамандығының

курс студенті

(Аты-жөні)

ӨТІНІШ

20__-20__ оқу жылының семестрінде студенттердің академиялық
ұтқырлық ережесіне сәйкес,

(ЖОО-ң атауы)

оқуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Жазған студенттің қолы, күні.

ҰСЫНЫС ХАТТЫ ап саудена ағалмыш бағларламаға катысу үшін кәсіби және жеке саналарға ие екендігіне қоа же'герліктеіі еаіп жа у' керек. 1 Іуекаулық апыктыгыпа ерекшелік беру үаііін сауденалаң аек кана кушаа жагын емес. соиымсн бірге одсіа жагындагы кейбір кемшіліктерін жааса жаман бол.мас еді. Иаракаыц жоғаргы жагына мамапдык ағауы жааылады. Одан кепін уеыныстын, басы. сосын нускаудыц мотіні жааыдады. Соцыпда кафелра меңгерушісі кодып коііып мераімі жтнылады

Мамандығы

(Шифр, мамандығы)

Студент

(Аты-жөні)

Қабылдау: _____ (жоғарғы оқу орнына қабылдаған жылын көрсетуі керек)

Пәндер тізімі

№	Пән коды	Пәндер атауы	Несие	Семестр (триместр)
		Барлығы оқу кезеңі бойынша:		

Академиялық ұтқырлық есебі

Студент

(Аты-жөні)

Мамандығы

(шифр, мамандық атауы)

№	Пән коды	Пәндер атауы	Несие	Семестр (триместр)

Факультет деканның аты-жөні, қолы

Студенттердің академиялық ұтқырлығын ынтымақтыстағы туралы келісім-шарты

Арқалық қ.

«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты» ШЖҚ РМК атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Аяшева О., бір жақтан және «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты» ШЖҚ РМК атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Сейтбек Бекенұлы Қуанышбаев, екінші жақтан, бұдан әрі бірге - «Тараптар», ал жеке алғанда - «Тарап» деп аталып, төмендегі мазмұнда Келісім шарт жасасты:

1. КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында бір Тарапта өткен пәндерді, модульдерді екінші Тараптың білім беру ұйымында өзара мойындау шарттарымен білім беру қызметін көрсету жөніндегі тараптар ынтымақтастығы осы келісім шарттың мәні болып табылады.

1.2 Осы Келісім шарт аясында Тараптар білім алушысына бакалавриат, магистратура мамандықтары бойынша белгілі бір пәндерді немесе модульдерді өту мүмкіндігін ұсыну жолымен өз ережелерінде бекітілген тәртіппен талаптарға сәйкес білім беру қызметін көрсетуге міндеттенеді.

1.3 Осы келісім шарт аясында бір Тараптың білім алушылары мамандықтарына сай өткен пәндері немесе модульдері басқа Тараптың білім беру ұйымында бір семестр немесе бір оқу жылы мерзімінде мойындалыл, білім алушылардың транскриптіне енгізіледі және білім алушының оқуды одан әрі жалғастырған кезде есептеледі.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ

2.1 Тараптар білім алушыларға білім беру қызметін көрсету саласында өз лицензияларында сәйкес мамандықтары (біліктіліктері) бар бакалавриат, магистратура бойынша өзара ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2.2 Пәндердің, модульдердің атаулары және олардың басқа Тараптың білім беру бағдарламаларына сәйкестігі, кредиттер саны, ұзақтығы, практикалық және теориялық сағаттар саны, бағалар шкаласы, сабақ кестесі, тараптардың өзара әрекеті және басқа да мәселелер (академиялық сипаттағы мәселелерді қоса алғанда) Тараптарды өкілетті құрылымдық бөлімшелер тарапынан қосымша шешіледі. Басқа білім беру ұйымында оқу үшін кредиттер санының жоғарғы шегін әр Тараптың басшысы анықтайды.

2.3 Осы Келісім шарт аясында Тараптар әр тарап студенттеріне, магистранттарына оқу үшін бірдей жағдай туғызып, Тараптардағы кітапхана қорын еркін пайдалануға мүмкіндік жасайды.

2.4 Тараптардың білім беру қызметіне ақы төлеу мәселесі және басқа да қаражатқа қатысты мәселелер Тараптар арасында соған сәйкес қосымша келісімдер жасау арқылы, сонымен қатар әр Тарап пен білім алушылар арасында білім беру қызметін көрсету келісімімен шешіледі.

2.5 Пәндер мен модульдерді оқу ережелері, оқу процесі, ішкі тәртіп ережелері, басқа да Тараптардың білім беру ұйымдарында болу мәселелері ішкі құжаттарға сай бекітіліп, білім алушыларды Тараптардың өкілетті құрылымдық бөлімшелері хабардар етеді.

3. БАСҚА ШАРТТАР

3.1 Осы Келісім шартқа сәйкес Тараптар арасында мәлім болған ауызша немесе жазбаша түрдегі кез келген ақпаратты Тараптар қатаң түрде құпия ұстауы және ол жарияланбауы немесе қандай да бір үшінші жаққа, қандай да бір тәсілмен ашылмауы тиіс болмасын.

3.2 Тараптар осы Келісім шарт аясындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы заңнамасын басшылыққа алады, өзара әрекетті теңдік, ашықтық және парасаттылық негізінде іске асырады.

Осы Келісім шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жазбаша, Тараптардың өкілетті тұлғаларының қолдары қойылған түрде рәсімделіп, осы Келісім шарттың ажыратылмайтын бөлшегі болып табылады.

3.4 Осы Келісім шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) жыл мерзімінде әрекет етеді.

3.5 Әрбір Тарап басқа Тарапты 1 ай бұрын жазбаша түрде ескерте отырып Келісім шартты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда осы Келісім шарт аясында оның бұзылуынан бұрын оқуды бастаған білім алушылар Келісім шарттың тоқтатылған мерзіміне карамастан осы Келісім шартта белгіленген шарттармен оқуын аяқтайды.

3.6 Осы Келісім шарт қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада, әр тарапқа бір данадан жасалды.

4. Тараптардың заңды мекен-жайы

«БІ.Алтынсарин

атындағы

мемлекеттік

педагогикалық

институты»

ШЖҚ РМК

110300, Қазақстан Республикасы

Арқалық қ., Әуелбекова көшесі, 17

тел.факс: 8 (71430)7-24-88

e-mail:www.api.kz

«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік

педагогикалық институты» ШЖҚ

080000, Республика Казахстан

Шымкент қ.,

тел.факс:

e-mail:kgpi118@mail.ru

Ректор

С.Б.Куанышбаев

Ректор

Аяшев О

«___»_____ 20___ г.

«___»_____ 20___ г.